

1 БӨЛІМ. ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

РАЗДЕЛ 1. АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ PART 1. CURRENT ISSUES OF LINGUISTIC RESEARCH

ӨОЖ 81.25

ҒТАХР16.21.63

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.2.77.001>

МЕДИАДИСКУРСТАҒЫ МӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРДІҢ КӨРІНІСІ

***Ағымедуллаева Н.Б.¹**

***¹ Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан**

Аңдатпа. Қазіргі заманда медиадискурс ақпарат таратудың ғана емес, қоғамдық пікір қалыптастырудың, мәдени ерекшеліктерді бейнелеудің маңызды құралына айналды. Әртүрлі қоғамдардағы медиадискурсты зерттеу ақпарат беру мен оны қабылдаудың мәдениетке тәуелділігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл зерттеудің мақсаты – медиадискурстың мәдени ерекшеліктерін зерттеу және Қазақстан, Батыс пен Шығыс медиасының ақпарат беру тәсілдерін салыстыру. Зерттеу барысында ақпараттық стиль, риторикалық тәсілдер, идеологиялық ерекшеліктер және медианың қоғамдық санаға ықпалы қарастырылды. Зерттеудің ғылыми маңыздылығы – медиадискурстың мәдениетаралық коммуникациядағы рөлін терең түсінуге ықпал етуінде. Ал практикалық маңыздылығы – әртүрлі мәдениеттерге арналған медиаконтентті бейімдеу стратегияларын әзірлеуге негіз болуында. Зерттеуде контент-талдау, дискурсивті және салыстырмалы талдау әдістері қолданылды. Негізгі зерттеу материалы ретінде үш медиаресурс таңдалды: Tengrinews (Қазақстан), BBC (Батыс) және China Daily (Шығыс). Мақалалар баяндау құрылымы, аргументация тәсілдері, эмоционалдық реңк және стильдік ерекшеліктер тұрғысынан талданды. Анализ нәтижесінде Қазақстан медиасының ұлттық бірегейлікті нығайтуға, Батыс медиасының объективтілік пен бейтараптыққа, ал Шығыс медиасының мемлекеттік идеология мен дәстүрлі құндылықтарды насихаттауға бағытталғаны анықталды. Ақпаратты қабылдау әр қоғамның әлеуметтік нормалары, идеологиясы және мәдени кодтарына байланысты өзгереді. Зерттеу медиадискурстың мәдени факторларға тәуелділігін дәлелдейді және мәдениетаралық коммуникацияны дамытуға үлес қосады. Бұл тұжырымдар медиалингвистика, ақпараттық саясат және коммуникация саласындағы зерттеулер үшін маңызды. Алынған нәтижелер халықаралық медиаконтентті әртүрлі мәдени аудиторияларға бейімдеу стратегияларын әзірлеуде қолданылады. Сонымен қатар, медиасауаттылықты дамыту және

ақпаратты сын тұрғысынан қабылдау дағдыларын арттыруға ықпал етеді.

Тірек сөздер: медиакурс, мәдени ерекшеліктер, жаһандану, локализация, этикалық аспектілер, сәйкестік, медиа мәтіндер, әлеуметтік-мәдени үрдістер

Кіріспе

Қазіргі заманда бұқаралық ақпарат құралдары тек ақпарат таратумен ғана шектелмей, қоғамдағы әлеуметтік және мәдени құндылықтарды қалыптастырудың маңызды құралдарының біріне айналды. Медиа мәдениеттер арасындағы өзара байланысты нығайтып, әрбір қоғамның өзіндік ерекшеліктерін көрсетуге мүмкіндік береді. Медиа тек ақпарат жеткізуші емес, сонымен қатар мәдениетті бейнелейтін, оны сақтайтын және жаңғыртатын қуатты механизм ретінде қызмет атқарады [1, 165 б.].

Мәдени ерекшеліктер медиадискурстың мазмұны мен формасына тікелей әсер етеді. Олар ақпараттың қалай құрылатынын, аудиторияға қалай ұсынылатынын және қалай қабылданатынын анықтайды. Әрбір мәдени ортада ақпаратты іріктеу мен ұсыну өзіне тән құндылықтар мен нормаларға негізделеді. Мысалы, кейбір мәдениеттер эмоционалды көріністер мен бейнелерге басымдық берсе, басқалары ресми стиль мен бейтарап ақпаратты жоғары бағалайды [2, 244 б.].

Мәдени ерекшеліктер медианың ақпаратты қабылдау мен түсіндіруіне ғана емес, сонымен бірге оның құрылу үдерісіне де айтарлықтай ықпал етеді. Бұл әсер медиамәтіндердің тілдік, стилистикалық және тақырыптық ерекшеліктерінде көрініс табады. Тіл – мәдени кодтардың ең айқын тасымалдаушысы. Ол арқылы медиа белгілі бір қоғамның құндылықтарын, ұстанымдарын және дүниетанымын жеткізеді. Мәселен, кейбір мәдениеттер қысқа әрі нақты мәлімдемелерді қаласа, басқалары ақпаратты бейнелі түрде жеткізуге ұмтылады [3, 292 б.].

Медианың стилі де мәдени ерекшеліктерге тәуелді. Қоғамның дәстүрлері, әдет-ғұрыптары және құндылықтары медиа тіліне ықпал етіп, ақпаратты ресми немесе бейресми түрде ұсынуға әсер етеді. Мысалы, Шығыс мәдениетінде ұжымдық құндылықтар маңызды рөл атқарады, сондықтан медиа көбінесе қоғамның ортақ игілігіне бағытталған тақырыптарды алға тартады. Ал Батыс мәдениеттерінде жеке тұлғаның пікірлері мен тәжірибелеріне көбірек назар аударылады [4, 85 б.].

Сонымен қатар, медианың тақырыптық бағыты әр қоғамның мәдени құндылықтарына негізделеді. Кейбір елдерде ұлттық тарих пен дәстүрлерді сақтау басты назарда болса, басқа аймақтарда жаңашылдық пен технологияға ерекше мән беріледі. Мысалы, жаһандану жағдайында кейбір мәдениеттер өздерінің дәстүрлі ерекшеліктерін сақтауға тырысады, ал басқалары жаһандық құндылықтарды қабылдай отырып, жаңа медиа форматтарды дамытуды көздейді.

Медианың жаһандану дәуіріндегі рөлі ерекше. Өртүрлі мәдениеттер арасындағы байланыстар күшейген сайын, медиа осы процестердің басты катализаторы ретінде әрекет етеді. Ол ақпаратты әлемнің кез келген

бұрышына жеткізе отырып, адамдарды жақындастыруға және мәдени алмасуды тереңдетуге мүмкіндік береді. Дегенмен, жаһандану медианың жергілікті ерекшеліктерге бейімделу қажеттілігін де талап етеді. Бұл контексте мәдени сәйкестілікті сақтау маңызды, өйткені ол әрбір ұлттың өзіндік болмысын айқындайды [5, 386 б.].

Медиа тек мәдениеттердің өзіндік ерекшеліктерін көрсетіп қана қоймай, олардың дамуына ықпал етеді. Қоғамның мәдени құндылықтары медиадискурстың құрылымында сақталып, оларды жаңа ұрпаққа жеткізуге көмектеседі. Бұл әсіресе, заманауи технологиялар арқылы ақпараттың кең таралуы және түрлі платформаларда мәдени мазмұнның ұсынылуы жағдайында өзекті болып отыр [6, 6 б.].

Тақырыптың өзектілігі бұқаралық ақпарат құралдарында ақпараттың ұсынылуы ұлттың немесе қоғамның мәдени ерекшеліктеріне байланысты. Әр түрлі мәдениеттер бір ақпаратты әр түрлі қабылдай алады. Ақпарат оңай қол жетімді және тез таралатын әлемде мәдени ерекшеліктердің жаңалықтар мен ақпаратты түсіндіруге қалай әсер ететінін түсіну ерекше маңызды болады.

Бүгінгі таңда мәдени ерекшеліктердің әр түрлі мәдениеттердегі адамдар үшін түсінікті және қабылдануына жеңіл ақпаратты жасау үшін медиа мазмұнды қалай қалыптастыратынын түсіну өзекті.

Мақаланың мақсаты – медиадискурстың қалыптасуындағы мәдени ерекшеліктердің ролін жан-жақты талдау.

Әдебиетке шолу

Aboudi J. Hassan мәдениетаралық коммуникацияда грамматикалық дұрыстықтың жеткіліксіз екенін атап өтті. Ол мәдени ерекшеліктерді ескермейінше, толыққанды қарым-қатынас жасау мүмкін емес екенін көрсетті. Тілдік айырмашылықтармен қатар, дискурста мәдени тұрғыдан түсініспеушіліктер де кездесетінін анықтады [7, 132 б.]. A. Skoryk зерттеуінде заманауи медиадискурс мәдени кодтар, тілдік символдар арқылы жаңа шындықты қалыптастыратынын талданды. Автор медиадискурста «тіл ішіндегі тіл» концепциясының бар екенін және ол мәдениеттер арасындағы шекараларды бұзуға көмектесетінін анықтады [8, 7 б.].

Teodora Popescu (саяси медиадискурсты мәдени ерекшеліктер тұрғысынан қарастырды. Әр түрлі елдерде саяси дискурс пен БАҚ стилі аудиторияның мәдени ерекшеліктеріне қарай бейімделетінін көрсетті. Журналистер мен саясаткерлер бір мәдениет аясында біркелкі дискурс қалыптастырады, ал халықаралық медиада түрлі мәдениеттердің ерекшеліктері қиылысады [9, 199 б.].

M. Kuznetsova, Ievgenia Chetvertak заманауи медиадискурстың цифрландыру және медиа-конвергенция әсерінен өзгергенін атап өтті. Бүгінде аудитория тек ақпарат қабылдаушы емес, медиаконтентті қалыптастыруға белсенді қатысады. Бұл мәдени дискурсқа жаңа реңк беріп, партисипаторлық мәдениетті күшейтеді [10, 15 б.].

M. Dalyan, M. Darwis, Fathu Rahman индонезиялық әзілдегі мәдени ерекшеліктерді зерттеді. Олардың қорытындысы бойынша, әрбір

қоғамдағы әзілдің құрылымы мәдени құндылықтармен тікелей байланысты. Юмордың қабылдануы әлеуметтік сенім деңгейіне және мәдени дискурс ерекшеліктеріне тәуелді [11, 1009 б.].

Г.С. Әбдікерімова түрлі лингвомәдени сипатты интертекстуалды мағыналармен берілетін лингвомәдени мәнмәтінді анықтап, ашуға тырысады және саяси медиадискурс шеңберінде ұсынылған ақпарат, сол тілмен тікелей байланысты және жалпы мағынаның құрамдас бөлігі болып, қосымша прагматикалық, лингвомәдени сипатты функционалды қызмет атқаратындығын көрсетеді [12].

Бұл зерттеулер медиадискурс мәдени салаға тәуелді екенін дәлелдейді. Ақпараттың берілуі мен қабылдануы әр халықтың құндылықтары мен дәстүрлеріне байланысты өзгеріп отырады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Бұл зерттеуде медиадискурстың мәдени ерекшеліктері Қазақстан, Батыс және Шығыс медиаортасы мысалында қарастырылады. Зерттеу объектісі – ақпараттық кеңістікте ұлттық және мәдени ерекшеліктерді бейнелейтін медиадискурс.

Зерттеуде бірнеше ғылыми әдіс қолданылды. Контент-талдау арқылы медиамәтіндердегі негізгі мәдени белгілер, соның ішінде, ұлттық терминология, риторикалық тәсілдер мен стильдік ерекшеліктер анықталды, Дискурсивті талдау ақпараттың берілу тәсілдерін зерттеуге мүмкіндік берді, оның ішінде баяндау құрылымы, метафоралар, эмоциялық реңк және аргументация тәсілдері қарастырылды. Салыстырмалы талдау Қазақстан, Батыс және Шығыс медиаресурстары арасындағы мәдени ықпалдың медиадискурсқа әсерін салыстыруға көмектесті.

Зерттеуге материал ретінде Қазақстанның жетекші ақпараттық порталдары (Tengrinews, Informburo, Kazinform), Батыс елдерінің БАҚ-тары (BBC, CNN, The Guardian) және Шығыс медиаресурстары (China Daily, NHK, Yonhap News) алынды. Сонымен қатар, әлеуметтік желілердегі танымал жарияланымдар, жарнамалық кампаниялар және ұлттық құндылықтар мен әлеуметтік нормаларды бейнелейтін қоғамдық пікірталастар талданды.

Зерттеудің басты мақсаты – мәдени ерекшеліктердің медиадискурста қалай көрініс табатынын анықтау. Негізгі зерттеу сұрақтары: медиадискурстағы мәдени кодтар қалай көрінеді, әртүрлі аймақтарда қолданылатын лингвистикалық және стильдік тәсілдер қандай, Қазақстан, Батыс және Шығыс медиаларында ақпарат қалай беріледі және қандай тақырыптар басымдыққа ие?

Нәтижелер және талқылау

Контент-талдау нәтижесінде медиадискурстағы негізгі мәдени белгілер айқындалды. Ұлттық терминологияның қолданылуы аймақтық ерекшеліктерге тікелей байланысты екені байқалды. Әр мәдениет ақпаратты беру барысында өз құндылықтарына сай келетін терминдерді пайдаланады, бұл олардың идеологиялық ұстанымдары мен қоғамдық құрылымын айқындайды.

Қазақстандық БАҚ-та ұлттық бірегейлік пен мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған терминдер жиі кездеседі. Мысалы, «рухани жаңғыру» термині елдегі мәдени және рухани қайта өрлеуді білдіреді, бұл халықтың ұлттық санасын жаңғыртуға бағытталған. Сонымен қатар, «ұлттық құндылықтар» ұғымы қазақ қоғамының тарихи, мәдени және дәстүрлі негіздерін сақтауға арналған стратегиялық бағыттың бір бөлігі ретінде қолданылады. «Ел болашағы», «Мәңгілік ел», «Атамекен», «Тәуелсіздік» сияқты тіркестер халықтың патриоттық сезімін нығайтып, ұлттық тұтастықты сақтау мақсатында ақпараттық кеңістікте кеңінен қолданылады. Қазақстандық медиада бұл ұғымдар көбінесе саясаткерлердің сөздерінде, қоғамдық пікір көшбасшыларының мәлімдемелерінде және әлеуметтік бастамаларда жиі көрініс табады.

Батыс медиасында ақпараттың берілуі негізінен жеке тұлғаның құқықтары мен еркіндігіне бағытталған. Басты назар демократия принциптері мен заң үстемдігіне аударылады. «Democracy», «human rights», «freedom of speech» сияқты ұғымдар батыстық медиадискурста орталық орынды алады. Батыстық ақпараттық кеңістікте «equal opportunity» (тең мүмкіндіктер), «social justice» (әлеуметтік әділеттілік), «civil rights» (азаматтық құқықтар) сияқты терминдер маңызды орынға ие, себебі бұл қоғамдағы либерализмнің, плюрализмнің және жеке тұлғаның мүдделерін қорғаудың басымдығын көрсетеді. Бұл медиадискурста жеке тұлғаның рөлі маңызды болғандықтан, ақпарат жеткізу барысында адамдардың құқықтары, олардың заң алдындағы теңдігі және әлеуметтік әділеттілікке қол жеткізу мәселелері бірінші орынға шығады.

Шығыс медиасында терминология ұжымдық мәдениеттің, қоғам ішіндегі үйлесімділіктің және дәстүрлі құндылықтардың басымдығын көрсетеді. «Harmonious society» (үйлесімді қоғам) термині әлеуметтік тұрақтылық пен халықтың бірлігін сипаттайды. Сонымен қатар, «collective responsibility» (ұжымдық жауапкершілік) ұғымы жеке тұлғаның емес, қоғамның ортақ мүддесі мен оның әл-ауқатын басты орынға қояды. Шығыстық медиада «traditional values» (дәстүрлі құндылықтар) ұғымы үлкен мәнге ие, себебі бұл ақпараттың берілуі мәдени мұра мен тарихи сабақтастыққа негізделген. «Filial piety» (ата-анаға құрмет), «community harmony» (қоғамдық үйлесім), «moral integrity» (адамгершілік) сияқты тіркестер әсіресе Қытай, Жапония және Оңтүстік Корея медиаларында жиі кездеседі. Бұл медиакеңістікте мемлекет мүддесі мен әлеуметтік келісім жеке тұлғаның мүддесінен жоғары қойылады, сондықтан медиадискурста мемлекеттік идеология мен дәстүрлі көзқарастар басты назарға алынады.

Риторикалық тәсілдерге келетін болсақ, әртүрлі мәдениетке тән медиадискурс өзіне сай әдістерді қолданады. Қазақстандық медиада ұлттық бірегейлікті насихаттау мақсатында ұлт көшбасшыларының немесе тарихи тұлғалардың сөздерін келтіру әдісі жиі кездеседі. Бұл әдіс оқырманға ақпараттың сенімділігін арттырып қана қоймай, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге де бағытталады. Мысалы, «Абайдың өсиеті», «Әл-Фарабидің даналығы» сияқты тіркестер ақпараттың ұлттық контексте берілуіне ықпал

етеді. Сонымен қатар, белгілі бір мәселеге қатысты ұлттық қағидалар мен тарихи оқиғаларды мысалға алу арқылы аргументация жүргізу тәсілі жиі байқалады. Мысалы, білім мен ғылымға қатысты жаңалықтарда «Білімді ұрпақ – елдің болашағы» немесе «Ұлттың дамуы – ғылым мен өнерде» деген тіркестер кездеседі. Бұл Қазақстандық медиадискурстың ұлттық патриотизмді нығайтуға бағытталғанын көрсетеді.

Батыс медиасында ақпарат жеткізу логикалық аргументация мен деректерге негізделген дәлелдерге сүйенеді. Бұл медиада әрбір мәлімдеме нақты статистикаға, зерттеулерге, сарапшылар пікіріне сүйеніп беріледі. Мысалы, «The economy grew by 3.5% last quarter» деген сөйлемде ақпарат нақты сандармен берілген, яғни эмоционалды емес, рационалды дәлелдерге негізделген. Талдау, салыстыру, нақты дәйек келтіру – Батыс медиасының басты ерекшеліктерінің бірі. Бұл тәсіл оқырманның логикалық ойлауына әсер етіп, аналитикалық қабылдауын қалыптастыруды көздейді. Батыс БАҚ-та «fact-checking», яғни ақпараттың нақтылығын тексеру жүйесі жоғары дамыған, сондықтан субъективті пікір емес, тек объективті фактілерге сүйену басты назарға алынады.

Шығыс медиасында риторикалық тәсілдер көбінесе дәстүрлі құндылықтарды көрсету, мағыналы мақал-мәтелдерді қолдану, ұжымдық пікірді баса айту арқылы жүзеге асады. Бұл медиада ақпарат эмоционалды әсер ету үшін көбінесе бейнелі ойлармен беріледі. Мысалы, «Көктем келгенде ағаштар бүршік жарып, мемлекет гүлденеді» деген сөз тіркесі ақпаратты жай жеткізумен шектелмей, оны оқырманға метафоралық бейнеде ұсыну арқылы әсер ету мақсатын көздейді. Шығыс медиасында мемлекет пен қоғам арасындағы байланыс өте маңызды болғандықтан, ақпарат жеке тұлғаға емес, ұжымдық санаға әсер ететін сипатта беріледі. «Отбасы – мемлекеттің іргетасы», «Ағаға құрмет – ініге міндет», «Тәрбие – ең үлкен қазына» сияқты сөз қолданыстары жиі кездеседі (Кесте 1).

Кесте 1. Риторикалық ерекшеліктер

Медиа түрі	Риторикалық ерекшеліктері	Қолдану саласы	Коммуникация стилі
Қазақстан медиасы	Тарихи және мәдени сабақтастыққа сүйену, ұлттық бірегейлікті насихаттау, эмоционалды үндеу	Саяси баяндамалар, қоғамдық бастамалар, білім мен мәдениет тақырыптары	Публицистикалық, көркем-эмоционалды
Батыс медиасы	Факт негізінде дәлелдеу, рационалды пайымдау, қысқа әрі нақты тұжырымдау	Экономика, халықаралық саясат, ғылыми-зерттеу мақалалары	Ресми-аналитикалық, фактілерге сүйенген
Шығыс медиасы	Моральдық және этикалық нормаларға сүйену, әдеп пен дәстүрді дәріптеу, образды бейнелеу	Отбасы құндылықтары, рухани тәрбие, әлеуметтік тұрақтылық	Бейнелі, әдеби-дидактикалық

Жалпы, Қазақстан, Батыс және Шығыс медиаларындағы риторикалық тәсілдер медиадискурстың мәдени ерекшеліктерін айқын көрсетеді. Қазақстандық медиада ұлттық құндылықтар мен тарихи сабақтастықты насихаттау, Батыс медиасында фактілер мен дәлелдерге негізделген объективті ақпарат беру, ал Шығыс медиасында дәстүрлі құндылықтарды бейнелі түрде жеткізу басымдыққа ие. Бұл медиадискурстағы әртүрлі риторикалық тәсілдер ақпарат қабылдау ерекшеліктерін айқындайды және әр мәдениеттің өзіндік ақпараттық стилін қалыптастырады.

Дискурсивті талдау нәтижелері медиадискурстағы ақпараттың берілу тәсілдеріндегі мәдени ерекшеліктерді нақты мысалдармен көрсетуге мүмкіндік берді. Баяндау құрылымы, метафоралар, эмоциялық реңк және аргументация тәсілдері әртүрлі мәдениеттерде өзіндік сипатқа ие. Қазақстандық медиада баяндау құрылымы салмақты әрі контекстуалды болып келеді. Мысалы, Informburo.kz сайтындағы «Қазақстанның дамуы – бабалар аманатына адалдық» атты мақалада елдің жетістіктері тарихи оқиғалар мен ұлттық құндылықтармен байланыстырылып баяндалады. Ал Батыс медиасында баяндау логикалық ретпен, қысқа әрі нақты беріледі. BBC News сайтындағы «UK economy grows by 0.5% in the third quarter» атты мақалада экономикалық көрсеткіштер нақты сандармен және сарапшылардың пікірлерімен беріледі. Шығыс медиасында баяндау құрылымы көркем-эмоциялық сипатқа ие. Мысалы, China Daily сайтындағы «Spring brings new hope for the nation's prosperity» атты мақалада елдің дамуы көктем мезгілімен салыстырылып, бейнелі түрде сипатталады.

Метафораларды қолдану тәсілі де мәдени ерекшеліктерге байланысты әртүрлі болып келеді. Қазақстандық медиада метафоралар ұлттық бірегейлікті нығайту мақсатында қолданылады. Мысалы, «Мәңгілік Ел» ұғымы елдің тұрақтылығы мен болашағын бейнелейді. Батыс медиасында метафоралар көбінесе технология мен экономикаға қатысты қолданылады. Мысалы, «The tech industry is the backbone of the modern economy» деген тіркес технология саласының экономиканың негізі екенін білдіреді. Шығыс медиасында табиғатпен және адамгершілік құндылықтармен байланысқан метафоралар басым. Мысалы, «A harmonious society is like a well-tended garden» деген тіркес қоғамның үйлесімділігін бақшамен салыстырады.

Эмоциялық реңк медиадискурстағы тағы бір маңызды фактор болып табылады. Қазақстандық медиада эмоциялық реңк көбінесе патриотизм мен ұлттық рухты көтеруге бағытталған. Informburo.kz сайтында жиі кездесетін «Еліміздің жетістігі – халқымыздың еңбегінің жемісі!» деген тіркес оқырмандардың мақтаныш сезімін оятуға арналған. Батыс медиасында эмоциялық реңк бейтарап, аналитикалық сипатта болады. Мысалы, «Experts warn about potential economic risks» деген сөйлемде эмоциясыз, тек нақты ақпарат беріледі. Шығыс медиасында эмоциялық реңк моральдық құндылықтар мен рухани сабақтастыққа негізделеді. «Respecting elders is the foundation of our society» деген тіркес қоғамдағы үлкендерге құрмет көрсетудің маңыздылығын білдіреді.

Аргументация тәсілдері де мәдениетке байланысты ерекшеленеді. Қазақстандық медиада аргументация ұлттық құндылықтар мен тарихи сабақтастыққа негізделеді. Мысалы, «Тәуелсіздік – ата-бабаларымыздың асыл аманаты» деген тіркес жиі қолданылады. Батыс медиасында аргументация фактілер мен ғылыми дәлелдерге негізделеді. Мысалы, «Recent studies indicate that climate change is accelerating» деген сөйлемде ғылыми зерттеулерге сілтеме жасалады. Шығыс медиасында аргументация әлеуметтік тұрақтылық пен дәстүрлі құндылықтарға негізделеді. Мысалы, «Family values are essential for societal harmony» деген тіркес дәстүрлі отбасы құндылықтарының маңыздылығын көрсетеді.

Кесте 2. Дискурсивті талдау нәтижелері

Медиа түрі	Баяндау құрылымы	Метафоралар	Эмоциялық реңк	Аргументация тәсілдері
Қазақстан медиасы	Салмақты, контекстуалды, тарихи сілтемелермен байытылған	Ұлттық бірегейлікті күшейту, тарихи-мәдени мұра	Патриотизм мен ұлттық рухты күшейту	Ұлттық құндылықтар мен тарихи сабақтастық
Батыс медиасы	Қысқа, нақты, логикалық реттілікке негізделген	Экономика және технологиямен байланысты	Бейтарап, аналитикалық	Фактілер мен ғылыми дәлелдер
Шығыс медиасы	Көркем-эмоциялық, әдеби сипаттағы баяндау	Табиғат пен адамгершілік құндылықтарымен ұштасқан	Моральдық құндылықтар мен рухани сабақтастықты дәріптеу	Әлеуметтік тұрақтылық пен дәстүрлі құндылықтар

Жалпы алғанда, медиадискурстағы ақпаратты беру тәсілдері әр мәдениеттің ерекшеліктеріне сәйкес қалыптасады. Қазақстандық медиада ақпарат ұлттық құндылықтар мен тарихи сабақтастыққа негізделсе, Батыс медиасында деректер мен ғылыми зерттеулерге сүйенеді, ал Шығыс медиасында адамгершілік пен дәстүрге басымдық беріледі. Бұл айырмашылықтар ақпаратты қабылдау мен түсінуге тікелей әсер етеді және мәдениетаралық коммуникацияда ескерілуі тиіс.

Салыстырмалы талдау Қазақстан, Батыс және Шығыс медиаресурстары арасындағы мәдени ықпалдың медиадискурсқа әсерін салыстыруға көмектесті.

Зерттеу барысында үш түрлі медиаресурстан алынған мақалалар тандалды: Tengrinews (Қазақстан), BBC (Батыс) және China Daily (Шығыс). Бұл мақалалар әртүрлі аймақтардағы медиадискурстың ерекшеліктерін анықтауға және мәдени факторлардың ақпаратты беру тәсіліне қалай әсер ететінін талдауға мүмкіндік береді.

1. Tengrinews (Қазақстан) – «Стало известно, сколько заплатили блогеры после предупреждения налоговиков»

«Вице-премьер - министр национальной экономики Серик Жумангарин рассказал, что попавшие в списки неплательщиков налогов казахстанские блогеры начали погашать задолженности... 15 блогеров уже доначислили

1,5 миллиарда тенге и заплатили 75 миллионов тенге в бюджет.»

2. BBC (Батыс) – «Trump will ‘probably’ cut Mexico and Canada tariffs - US commerce chief»

«US Commerce Secretary Howard Lutnick has said President Donald Trump will ‘probably’ announce a deal to reduce tariffs on Canada and Mexico on Wednesday... But Canada’s Minister of Foreign Affairs Mélanie Joly told the BBC that her office had not been contacted about the plan.»

3. China Daily (Шығыс) – «Work report: GDP target ‘around 5%’»

«China has set the GDP growth target at ‘around 5 percent’ for 2025, the same as last year’s, as the world’s second-largest economy emphasizes stimulating domestic demand across the board with more supportive policies.»

Бұл мақалалар әртүрлі стильде жазылған және баяндау құрылымы, аргументация тәсілдері, эмоциялық реңк пен медиадискурстың басқа да ерекшеліктері бойынша айтарлықтай айырмашылықтарға ие.

Қазақстандық Tengrinews басылымының мақаласы ақпараттық және контекстуалды сипатта жазылған. Мақалада мәселе жан-жақты қарастырылып, ресми тұлғалардың мәлімдемелері, сандар мен нақты деректер, сондай-ақ халықтың пікіріне сілтемелер беріледі. Мысалы, вице-премьер Серік Жұманғариннің сөздері, салық органдарының жұмысын түсіндіру және блогерлердің төлемдер туралы деректері ұсынылған. Баяндау ресми реңкте, бірақ журналистік тергеу элементтері байқалады. Мақалада деректер мен мемлекеттік лауазымды тұлғалардың сөздері негізгі дәлел ретінде қолданылады. Блогерлердің салық төлемдеріне қатысты нақты сандар көрсетіледі: «15 блогер 1,5 миллиард теңге төледі». Сонымен қатар, жауапты органдардың пікірі беріледі, бірақ авторлық пікір қосылмайды. Аргументация заңнамалық және әкімшілік тұрғыдан ұсынылады. Эмоциялық реңк бейтарап, бірақ қоғамға әсер ететін элементтер бар. Блогерлердің салық мәселелері туралы ақпаратта таңғалыс, әділеттілік, мемлекеттік бақылау тақырыптары көтеріледі. Оқырман «бұл дұрыс па, жоқ па?» деген сұраққа ой жүгіртуі үшін оқиға сипаттамасы беріледі. Алайда, мақалада субъективті баға берілмейді. Стиль ресми-ақпараттық, аналитикалық, бірақ журналистік зерттеу элементтері бар. Мемлекеттік органдардың шешімдері сипатталады, деректер келтіріледі, бірақ сарапшылар пікірі аз. Қоғамдық пікірге сілтеме жасалғанымен, авторлық эмоция байқалмайды.

BBC мақаласы қысқа әрі аналитикалық стильде жазылған. BBC мақаласында проблема – себеп – салдар – шешім схемасы қолданылады. Мысалы, АҚШ-тың Мексика мен Канадаға қатысты тарифтерді азайту туралы шешімі, оның себебі (фентанилмен күрес), тараптардың ұстанымдары және ықтимал нәтижелері сипатталған. Ақпарат беруде бейтараптық сақталады, тек ресми тұлғалардың пікірі келтіріледі, артық сипаттау жоқ. Батыс медиасында аргументация бейтарап және деректерге негізделген. Трамптың тарифтерге қатысты ұстанымын сипаттағанда, журналист сарапшылардың пікірін келтіреді және тарихи мәліметтерді пайдаланады. Ақпарат «Болжамдарға сәйкес» немесе «Сарапшылардың айтуынша» деген сөздермен беріледі. Негізгі дәлелдер сандық көрсеткіштер

мен экономикалық деректерге сүйенеді. Батыс медиасында эмоциялық реңк бейтарап, ақпараттық. Мақалада экономикалық және саяси оқиғалар объективті түрде, артық эмоциясыз сипатталған. Тіпті, шиеленісті мәселелер сипатталса да, фактілерге негізделген құрғақ баяндау сақталады. Батыс медиасында стиль қысқа, нақты және аналитикалық. Ақпарат логикалық түрде баяндалып, артық сипаттаулар мен эмоциясыз беріледі. Оқырманға шешім қабылдауға мүмкіндік беріледі, бірақ журналист жеке көзқарасын көрсетпейді.

China Daily мақаласы баяндау құрылымы көркем-эмоциялық сипатта. Мақалада Қытай экономикасының 5% өсу көрсеткіші оптимистік реңкте сипатталады, экономикалық дамудың тұрақтылығы мен елдің стратегиялық жоспары мемлекеттік көзқарас тұрғысынан баяндалады. Жоспарлар, ұзақ мерзімді саясат, ұлттық даму мақсаттары көрсетіледі. Бұл тәсіл аудиторияға сенімділік пен ұлттық бірлік сезімін ұялатады. Қытай медиасында аргументация мемлекеттік саясат пен әлеуметтік тұрақтылықты дәріптейді. Экономикалық өсім туралы деректер мемлекеттің ұзақ мерзімді даму стратегиясымен байланыстырылып, оптимистік көзқараспен баяндалады. «Ұлттың бірлігі, экономикалық саясаттың тиімділігі» сияқты жалпы қағидалар дәлел ретінде қолданылады. Қытай медиасында эмоциялық реңк мемлекеттік стратегияны насихаттауға бағытталған. Экономикалық дамуға қатысты мақалалар оң көзқараспен, ұлттық мүдде тұрғысынан баяндалады. «Елдің жарқын болашағы», «ұлттық даму жолы» сияқты тіркестер жиі қолданылады. Ақпарат оптимизммен беріледі, теріс пікірлер немесе сын жоқ. Қытай медиасында стиль мемлекеттік насихаттық бағытта, көркем-эмоциялық сипатта келеді. Ақпарат ұзақ мерзімді перспективада беріледі, басты назар мемлекеттің жетістіктері мен тұрақтылығына аударылады (Кесте 3).

Кесте 3. Салыстырмалы талдау

Критерий	Tengrinews (Қазақстан)	BBC (Батыс)	China Daily (Шығыс)
Баяндау құрылымы	Ақпараттық, контекстуалды, шенеуніктер пікіріне негізделген	Қысқа, нақты, проблема-себеп-салдар үлгісінде	Оптимистік, көркем-эмоциялық, мемлекеттік көзқарасты дәріптейді
Аргументация тәсілдері	Мемлекеттік шенеуніктердің пікірі, ресми статистика	Сарапшылар пікірі, тарихи деректер	Ұлттық мүдде, ұзақ мерзімді даму стратегиясы
Эмоциялық реңк	Бейтарап, бірақ қоғамға әсер ететін ақпарат бар	Бейтарап, аналитикалық, құрғақ фактілер	Оң көзқарасты насихаттайтын, мемлекет саясатын қолдайтын
Стильдік ерекшеліктер	Ресми-ақпараттық, зерттеу элементтері бар	Қысқа, нақты, объективті баяндау	Көркем-эмоциялық, насихаттық бағытта

Бұл салыстырмалы талдау медиадискурстағы мәдени айырмашылықтарды айқын көрсетеді. Қазақстандық медиада ақпарат ресми баяндамаларға сүйеніп, ұлттық контексті ескереді. Батыс медиасында ақпарат фактілерге негізделіп, аналитикалық түрде баяндалады. Шығыс

медиасы болса, ақпаратты ұлттық мүдде мен мемлекет саясаты аясында оптимистік көзқараспен ұсынады. Бұл айырмашылықтар әр қоғамның ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін анықтайды және мәдениетаралық коммуникацияда маңызды рөл атқарады.

Бұл ерекшеліктер ақпараттың қабылдануына тікелей әсер етеді. Қазақстан аудиториясы тарихи-мәдени реңктегі ақпаратты оң қабылдаса, Батыс оқырмандары деректер мен сараптамалық пікірлерге баса назар аударады. Ал Шығыс елдерінің аудиториясы ақпаратты дәстүрлі құндылықтар мен мемлекеттік мүдделер тұрғысынан қабылдайды.

Қорытынды

Бұл зерттеу медиадискурстағы мәдени ерекшеліктердің ақпарат беру тәсілдеріне және оның қабылдануына қалай әсер ететінін көрсетті. Қазақстан, Батыс және Шығыс медиасының салыстырмалы талдауы ақпараттық стильдердің, баяндау құрылымының, аргументация тәсілдерінің және эмоциялық реңктің әртүрлілігі мәдени ерекшеліктерге байланысты екенін дәлелдеді.

Қазақстандық медиада ақпарат ұлттық бірегейлікті нығайтуға және тарихи-мәдени сабақтастықты көрсетуге бағытталған. Мемлекеттік органдардың пікірлері мен ресми деректер жиі қолданылады, ал ақпараттық стиль контекстуалды баяндауға сүйенеді. Патриоттық риторика басым, бұл елдің әлеуметтік тұрақтылығы мен ұлттық құндылықтарын дәріптеуге ықпал етеді.

Батыс медиасында ақпарат бейтараптық пен аналитикалық көзқарасқа негізделеді. Логикалық дәлелдер мен статистикалық деректер басым рөл атқарады. Ақпарат нақты, қысқа және құрылымдалған түрде беріледі. Батыс медиасында журналистер сараптамалық пікірлер мен фактілерге сүйеніп, аудиторияға өз қорытындысын жасауға мүмкіндік береді.

Шығыс медиасында ақпарат мемлекеттік идеология мен дәстүрлі құндылықтарды дәріптеуге бағытталған. Баяндау құрылымы эмоциялық және көркем-әдеби сипатқа ие. Ақпарат ұлттық бірлік пен әлеуметтік тұрақтылықты қолдау мақсатында беріледі. Бұл медиадискурстың ерекшелігі – сенім мен мемлекетке адалдықты нығайту.

Зерттеу нәтижелері медиадискурстың мәдениетаралық коммуникациядағы маңызын көрсетті. Әртүрлі елдердегі медианың ақпаратты беру тәсілдері қоғамдық пікірдің қалыптасуына және ақпаратты қабылдау ерекшеліктеріне тікелей әсер етеді. Қазақстандық аудитория үшін тарихи және ұлттық құндылықтар маңызды, Батыс қоғамы объективті және аналитикалық ақпаратты талап етеді, ал Шығыс аудиториясы дәстүр мен мемлекеттің ұстанымдарын қолдайтын медианы қабылдайды.

Бұл зерттеудің нәтижелері медиадағы мәдени кодтарды түсінуге көмектеседі және мәдениетаралық коммуникацияда ақпараттық стратегияларды құруға негіз болады. Әр қоғамның медиадискурсы оның әлеуметтік құрылымы мен мәдени ерекшеліктерін бейнелейді, сондықтан медианың әсер ету механизмі әртүрлі аудиторияларға бейімделуі қажет.

ӘДЕБИЕТ

[1] Егорова Л.Г. Влияние медиадискурса на формирование региональной идентичности // Ученые записки Крымского федерального университета имени В.И. Вернадского. Филологические науки. – 2021. – Т. 7. – №. 1. – С. 165-173.

[2] Равочкин Н.Н. Особенности политического дискурса // Вестник Костромского государственного университета. – 2018. – Т. 24. – №. 3. – С. 244-250.

[3] Соломеина В.Г. Цифровые медианарративы в контексте межкультурного медиадискурса: литературный обзор // Медиа как фактор адаптации человека к социальным, экономическим и политическим изменениям. – 2023. – С. 292-297.

[4] Ахатова Б.А. Анализ медиадискурса ассамблеи народа Казахстана // Серия Журналистики. – 2022. – Т. 64. – №. 2. – С. 85-93.

[5] Аймағамбетова М., Садыкова А. Қазақстанның медиадискурсындағы мәдени код // Вестник Серия «Филологические науки». КазНПУ им Абая. – 2021. – Т. 1. – №. 1 (75). – С. 386-393.

[6] Мырзахмет М.М., Саметова Ф.Т. Газеттік мақалаларды аударудың мәдениетаралық ерекшеліктері // Известия. Серия: Филологические науки. – 2021. – Т. 61. – №. 2. – С. 3-4.

[7] Hassan A. J. Intercultural Differences and Discourse // International Journal of Applied Linguistics and English Literature. – 2019. – Т. 8. – №. 2. – P. 132-137. <https://doi.org/10.7575/aiac.ijalel.v.8n.2p.132>

[8] Skoryk A. D. Polyvariability in Interpretation of The Concept “Cultural Discourse” in the Modern Media Space // Časopis Národního Muzia Akademií Ukrajiny Imeni P.ĭ. Čajkovs'kogo. – 2022. №. 2(55). – P. 7-20. [https://doi.org/10.31318/2414-052x.2\(55\).2022.266543](https://doi.org/10.31318/2414-052x.2(55).2022.266543)

[9] Popescu T. Political discourse in the media: Cross-cultural perspectives // The Journal of Linguistic and Intercultural Education. – 2010. – Т. 3. – P. 199-121.

[10] Kuznetsova M., Chetvertak I. The cultural dimension of modern media discourse arrangement // National Academy of Managerial Staff of Culture and Arts Herald. – 2019. – №. 1. – P. 15-17. <https://doi.org/10.32461/2226-3209.1.2019.166898>.

[11] Dalyan M. Cultural discourse in Indonesian humor: A case study of some short dialogues // Theory and Practice in Language Studies. – 2022. – Т. 12. – №. 5. – P. 1009-1018. <https://doi.org/10.17507/tpls.1205.24>

[12] Әбдікерімова Г. С. Политический медиадискурс как пространство, ретранслирующее лингвокультурологические интертекстуальные смыслы // Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ Хабаршысы. Филология ғылымдары сериясы. – 2022. – Т. 65. – №. 2. – С. 11-29.

REFERENCES

[1] Egorova L. G. Vlijanie mediadiskursa na formirovanie regional'noj identichnosti [The influence of media discourse on the formation of regional

identity] // Uchenye zapiski Krymskogo federal'nogo universiteta imeni VI Vernadskogo. Filologicheskie nauki. – 2021. – T. 7. – №. 1. – S. 165-173. [in Rus.]

[2] Ravochkin N. N. Osobennosti politicheskogo diskursa [Features of political discourse] // Vestnik Kostromskogo gosudarstvennogo universiteta // Bulletin of Kostroma State University). – 2018. – T. 24. – №. 3. – S. 244-250. [in Rus.]

[3] Solomeina V. G. Cifrovye medianarrativy v kontekste mezhkul'turnogo mediadiskursa: literaturnyj obzor [Digital Media Narratives in the context of intercultural Media discourse: a literary review] // Media kak faktor adaptacii cheloveka k social'nyim, jekonomicheskim i politicheskim izmenenijam. – 2023. – S. 292-297. [in Rus.]

[4] Akhatova B. A. Analiz mediadiskursa assamblei naroda Kazahstana [Analysis of the media discourse of the Assembly of People of Kazakhstan] // Seriya Zhurnalistiki. – 2022. – T. 64. – №. 2. – S. 85-93. [in Rus.]

[5] Ajmagambetova M., Sadykova A. Kazakstannyn mediadiskursyndagy madeni kod [Cultural code in the media course of Kazakhstan] // Vestnik Seriya «Filologicheskie nauki». KazNPU im Abaiya. – 2021. – T. 1. – №. 1 (75). – B. 386-393. [in Kaz.]

[6] Myrzahmet M.M, Sametova F.T. Gazettik makalalaryd audarudyn madenietaralyk erekshelekteri [Intercultural features of translating newspaper articles] // Izvestiya. Seriya: Filologicheskie nauki. – 2021. – T. 61. – №. 2. – B. 3-4. [in Kaz.]

[7] Hassan A. J. Intercultural Differences and Discourse // International Journal of Applied Linguistics and English Literature. – 2019. – T. 8. – №. 2. – P. 132-137. <https://doi.org/10.7575/aiac.ijalel.v.8n.2p.132>

[8] Skoryk A. D. Polyvariability in Interpretation of The Concept “Cultural Discourse” in The Modern Media Space // Časopis Národního Muzičného Akademii Ukraïni ĭmeni P.ĭ Čajkovs'kogo. – 2022. – №. 2(55). – P. 7–20. [https://doi.org/10.31318/2414-052x.2\(55\).2022.266543](https://doi.org/10.31318/2414-052x.2(55).2022.266543)

[9] Popescu T. Political discourse in the media: Cross-cultural perspectives // The Journal of Linguistic and Intercultural Education. – 2010. – T. 3. – P. 199-121.

[10] Kuznetsova M., Chetvertak I. The cultural dimension of modern media discourse arrangement // National Academy of Managerial Staff of Culture and Arts Herald. – 2019. – №. 1. – P. 15-17. <https://doi.org/10.32461/2226-3209.1.2019.166898>.

[11] Dalyan M. Cultural discourse in Indonesian humor: A case study of some short dialogues // Theory and Practice in Language Studies. – 2022. – T. 12. – №. 5. – P. 1009-1018. <https://doi.org/10.17507/tpls.1205.24>

[12] Abdikerimova G. S. Politicheskij mediadiskurs kak prostranstvo, retransliruyushchee lingvokul'turologicheskie intertekstual'nye smysly [Political media discourse as a space relaying linguistic and cultural intertextual meanings] // Abylay khan atyndary QazKhQzhaneOTU Khabarshysy Filologiya ғылымдары seriyasy. – 2022. – T. 65. – №. 2. – S. 11-29. [in Rus.]

ПРОЯВЛЕНИЕ КУЛЬТУРНЫХ ОСОБЕННОСТЕЙ В МЕДИАДИСКУРСЕ

*Ағымедуллаева Н.Б. ¹

*¹ Актюбинский региональный университет имени К.Жубанова
Актобе, Казахстан

Аннотация. В наше время медиадискурс стал важным инструментом не только распространения информации, но и формирования общественного мнения, отражения культурных особенностей. Изучение медиадискурса в различных обществах позволяет выявить зависимость передачи информации и ее восприятия от культуры. Целью данного исследования является изучение культурных особенностей медиадискурса и сравнение способов передачи информации казахстанскими, западными и восточными медиа. В ходе исследования были рассмотрены информационный стиль, риторические подходы, идеологические особенности и влияние СМИ на общественное сознание. Научная значимость исследования заключается в содействии глубокому пониманию роли медиадискурса в межкультурной коммуникации. А практическая значимость заключается в том, что она лежит в основе разработки стратегий адаптации медиаконтента для различных культур. В исследовании использовались методы контент-анализа, дискурсивного и сравнительного анализа. В качестве основного исследовательского материала были выбраны три медиаресурса: Tengrinews (Казахстан), BBC (Запад) и China Daily (Восток). Статьи были проанализированы с точки зрения повествовательной структуры, способов аргументации, эмоционального тона и стилистических особенностей. В результате анализа установлено, что казахстанские медиа направлены на укрепление национальной идентичности, западные медиа – на объективность и нейтралитет, а восточные медиа – на пропаганду государственной идеологии и традиционных ценностей. Восприятие информации варьируется в зависимости от социальных норм, идеологий и культурных кодов каждого общества. Исследование доказывает зависимость медиадискурса от культурных факторов и способствует развитию межкультурной коммуникации. Эти результаты важны для исследований в области медиалингвистики, информационной политики и коммуникации. Полученные результаты используются при разработке стратегий адаптации международного медиаконтента к различным культурным аудиториям. Кроме того, способствует развитию медиаграмотности и повышению навыков критического восприятия информации.

Ключевые слова: медиадискурс, культурные особенности, глобализация, локализация, этические аспекты, идентичность, медиатексты, социокультурные тенденции

EXPRESSION OF CULTURAL FEATURES IN MEDIA DISCOURSE

*Agymedullayeva N.B. ¹

*¹ Aktobe Regional University named after K.Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan

Abstract. Nowadays media discourse has become an important tool not only for the dissemination of information, but also for shaping public opinion and reflecting cultural peculiarities. The study of media discourse in various societies makes it possible to identify the dependence of information transmission and its perception on culture. The purpose of this study is to study the cultural characteristics of media discourse and compare the ways of information transmission by Kazakh, Western and Eastern media. The research examined the information style, rhetorical approaches, ideological features and the influence of the media on public consciousness. The scientific significance of the research lies in promoting a deep understanding of the role of media discourse in intercultural communication. Its practical significance lies in the fact that it underlies the development of strategies for adapting media content to different cultures. The research used methods of content analysis, discursive and comparative analysis. Three media sources were selected as the main research material: Tengrinews (Kazakhstan), BBC (West) and China Daily (East). The articles were analyzed in terms of narrative structure, argumentation methods, emotional tone, and stylistic features. As a result of the analysis, it was found that Kazakh media are aimed at strengthening national identity, Western media – at objectivity and neutrality, and Eastern media – at promoting state ideology and traditional values. The perception of information varies depending on the social norms, ideologies, and cultural codes of each society. The study proves the dependence of media discourse on cultural factors and promotes the development of intercultural communication. These results are important for research in the field of media linguistics, information policy and communication. The results obtained are used in the development of strategies for adapting international media content to different cultural audiences. In addition, it promotes the development of media literacy and improves critical information perception skills.

Keywords: media discourse, cultural features, globalization, localization, ethical aspects, identity, media texts, socio-cultural trends

Мақала түсті: 08 наурыз 2025

Автор туралы мәлімет:

Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы – PhD докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: nazerke_04_92@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2161-6317>

Сведения об авторе:

Ағымедуллаева Назерке Бөлекбайқызы – докторант PhD, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан, e-mail: nazerke_04_92@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2161-6317>

Information about the author:

Agymedullayeva Nazerke Bolekbaykyzy – PhD candidate, Aktobe Regional University named after K. Zhubanov, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: nazerke_04_92@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2161-6317>